

Кәсіптік стандарт: «Ұңғымаларға қызмет көрсету»

1-ші тарау. Жалпы ережелер

1. Кәсіптік стандарттың қолдану аясы:

2. Осы кәсіптік стандартта мынадай терминдер, анықтамалар мен қысқартулар қолданылады:

1) Ұңғымаларды бұрғылау – келесі негізгі операциялардан тұратын ұңғыма құрылысының процесі: бұрғылау құралымен тау жыныстарын бұзу арқылы ұңғыманы тереңдету, ұңғымадан бұзылған жынысты шығару, ұңғыманы тереңдету процесінде оның кенжарын бекіту, ұңғыма кенжарынан өткен тау жыныстарының геологиялық және геофизикалық зерттеулерін жүргізу, ұңғыма құрылысының соңында ұңғыма кенжарын болат құбырлармен бекіту, ұңғыманы негізгі мақсатты орындауға дайындау.

2) Бұрғылау қондырғысы – ұңғымаларды бұрғылауға арналған жабдықтардың толық жиынтығы.

3) Бұрғылау ерітіндісі – белгілі бір функцияларға ие болатын, түрлі химиялық қоспалардың дисперстік ортасынан және майда фазаларынан тұратын жуатын агент. Ерітіндінің функциясы – бұрғылау қашауы мен құралын салқындату және майлау, бұрғыланған жынысты алып тастау және жынысты сыртқа шығару, ұңғыма қабырғасының тұрақтылығын қамтамасыз ету, көмірсутектердің шығарылуын болдырмау үшін ұңғыма кенжарында қажетті қысымды қамтамасыз ету.

4) Қабаттарды гидравликалық үзу – мұнай және газ ұңғымаларының жұмысын қарқындету және айдау ұңғымаларының қабылдағыштығын арттыру әдістерінің бірі. Әдіс ұңғыманың кенжарына өндірілетін флюидтің (газ, су, конденсат, мұнай немесе олардың қоспасы) ағуын қамтамасыз ету үшін мақсатты қабатта жоғары өткізгіш жарықтарды жасау болып табылады.

5) Шығарынды – ұлғаяшы газ энергиясымен шартталған, ерітіндінің гидростатикалық қысымы қабаттық қысымнан төмендегенде, кенжарға бұрғылау ерітіндісінің бөлігін қысқа мерзімді қарқынды шығару.

6) Ұңғыма кенжары – дәл қазіргі сәтте бұрғыланған ұңғыма оқпанындағы тау жынысының беті.

7) Ұңғымаларды күрделі жөндеу (ҰЖЖ) – шегендеу бағанының, цементтік сақинаның, кенжармаңы аймақтың жұмысқа қабілеттілігін қалпына келтірумен, апатты жоюмен, бөлек пайдалану және айдау кезінде жабдықты түсірумен және көтерумен, сондай-ақ ұңғымаларды жоюмен байланысты жұмыстар кешені.

8) Кен орны – қорларын есептеу бойынша есеп Кодексте көзделген жер қойнауы мемлекеттік сараптамасының оң қорытындысын алған бірыңғай құрылымдық элементпен бақыланатын және жергілікті бір алаңда орналасқан, бір немесе бірнеше тұтқыштарға жататын кенжатын немесе кенжатындар жиынтығы.

9) Мұнай – шикі мұнай, газ конденсаты, сондай-ақ шикі мұнайды тазартудан және жанғыш тақтатастарды, мұнай-битуминозды жыныстарды немесе шайырлы құмдарды өңдегеннен кейін алынған көмірсутектер.

10) Ұңғымаларды жерасты жөндеу (ҰЖЖ) – жерасты жабдықпен және ұңғыма оқпанымен ақаулардың алдын алумен және оларды жоюмен байланысты жұмыстар кешені.

11) Көмірсутектер қорларын есептеу – көмірсутектердің кенжатындарын іздестіру, бағалау, сынамалап пайдалану және өнеркәсіптік игеру процесінде алынған барлық мәліметтерді біріктіретін жер қойнауын егжей-тегжейлі зерттеу, оның нәтижелері бойынша көмірсутектер қорларының саны есептеледі және сапасына баға беріледі.

12) Свабирлеу – қабаттан ағуды шақыру үшін гидростатикалық қысымды төмендету мақсатында ұңғымадағы сұйықтық деңгейін аралық төмендету процесі, жаңа өндіру ұңғымалары мен консервациядағы немесе жойылған ұңғымаларды игеру кезінде, сондай-ақ қолда бар дебитті ұлғайту кезінде флюидтердің ағынын шақыру және интенсификациялау үшін қолданылады.

13) Ұңғыма – диаметрі оның тереңдігінен әлдеқайда аз, оның кез келген бұрышы астындағы кенжарға жер бетінен немесе жер асты қазбасынан қазылған дөңгелек қиманың тау-кен қазбасы.

14) Ұңғыманы салу – ауданның геологиялық шарттарына сәйкес ұңғыманы жобалаудан және дайындық жұмыстарын жүргізуден бастап мұнайдың құйылуын сынау және ұңғыманы игеру процесіне дейінгі барлық іс-шаралар жиынтығын қамтитын жұмыстардың толық циклі.

15) Таль жүйесі – бұрғылау құралын түсіру және көтеру жөніндегі операцияларды жүргізуге, тау жыныстарын бұзатын құралды кенжарға жеткізуге, шегендеу құбырларын ұңғымаға түсіруге, сондай-ақ қармау операцияларын жүргізумен байланысты апаттық жағдайларды жою жөніндегі шараларды іске асыруға арналған функционалдық элементтер жиынтығы.

16) Шурф – ұңғыманың жанында салынатын және бұрғылау құбырларын өсіру кезінде жетекші құбырды түсіруге арналған терең емес ұңғыма.

17) Көмірсутектер – бұл мұнай, шикі газ және табиғи битум.

3. Осы кәсіптік стандартта мынадай қысқартулар қолданылады

1) СКҚ – ұңғымалардан сұйықтық пен газды алу, суды, сығылған ауаны (газды) айдау және ұңғымаларды ағымдағы және күрделі жөндеу бойынша әртүрлі жұмыс түрлерін орындау үшін қызмет ететін сорғы-компрессорлық құбырлар.

2-ші тарау. Кәсіптік стандарттың паспорты

4. Кәсіптік стандарттың атауы: Ұңғымаларға қызмет көрсету
5. Кәсіптік стандарттың коды: B09100013
6. ЭҚЖЖ секциясын, бөлімін, тобын, сыныбын және кіші сыныбын көрсету:
  - В Кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді қазу
  - 09 Кен өндіру өнеркәсібінде саласындағы қызметтер көрсету
  - 09.1 Мұнай мен табиғи газды өндіруге ықпал ететін қызметтерді көрсету
  - 09.10 Мұнай мен табиғи газды өндіруге ықпал ететін қызметтерді көрсету
  - 09.10.0 Мұнай мен табиғи газды өндіруге ықпал ететін қызметтерді көрсету

7. Кәсіптік стандарттың қысқаша сипаттамасы: Бұл кәсіптік стандарт ұңғымаларға қызмет көрсету және оларды жөндеу жұмыстарының кешенін қамтитын ұңғымаларды жөндеу процестерін сипаттайды (күрделі, жерасты). Бұл кәсіптік стандартта ұңғымаларға қызмет көрсету, жөндеу, бұрғылау қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сондай-ақ ұңғымаларға қызмет көрсету және жөндеу кезінде техникалық, экологиялық және экономикалық параметрлерді бақылауды жүзеге асыру бойынша жұмыстардың сипаттамалары мен лауазымдардың еңбек функциялары келтірілген.

8. Кәсіптер карточкаларының тізімі:

- 1) Көтергіш машинисі - 3 СБШ-нің деңгейі
- 2) Ұңғымаларды күрделі жөндеу бұрғышысының көмекшісі - 3 СБШ-нің деңгейі
- 3) Теңіздегі қалқығыш бұрғылау агрегатының бұрғылаушысы - 3 СБШ-нің деңгейі
- 4) Теңіздегі қалқығыш бұрғылау агрегаты бұрғышысының көмекшісі - 3 СБШ-нің деңгейі
- 5) Жер қабатын гидравликалық үзу операторы - 3 СБШ-нің деңгейі
- 6) Ұңғымаларды химиялық өңдеу операторы - 3 СБШ-нің деңгейі
- 7) Ұңғымаларды күрделі және жер асты жөндеулерге дайындаушы оператор - 3 СБШ-нің деңгейі
- 8) Ұңғымаларды жер астында жөндеу операторы - 3 СБШ-нің деңгейі
- 9) Ұңғымаларға қызмет көрсету жөніндегі техник - 4 СБШ-нің деңгейі
- 10) Ұңғымаларды күрделі жөндеу бұрғылаушысы - 4 СБШ-нің деңгейі
- 11) Ұңғымаларды жөндеу жөніндегі мастер (күрделі, жер астында) - 5 СБШ-нің деңгейі
- 12) Ұңғымаларды бұрғылаудағы күрделі жұмыстар (күрделі жөндеу) жөніндегі инженерлер - 6 СБШ-нің деңгейі
- 13) Ұңғымаларды күрделі және жерасты жөндеу учаскесінің бастығы - 6 СБШ-нің деңгейі
- 14) Ұңғымаларды жөндеу (күрделі, жерасты) жөніндегі супервайзер - 6 СБШ-нің деңгейі
- 15) Ұңғымаларға қызмет көрсету жөніндегі инженер - 6 СБШ-нің деңгейі

3-ші тарау. Кәсіптер карточкалары

9. Кәсіптің карточкасы «Көтергіш машинисі»:			
Топтың коды:	8112-6		
Қызмет атауының коды:	8112-6-001		
Кәсіптің атауы:	Көтергіш машинисі		
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	3		
СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:			
БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:	6-шығарылым. "Жұмыстар мен жұмысшы кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығын (6-шығарылым) бекіту туралы" 2018 жылғы 21 қыркүйектегі № 401 Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 15 қазанда № 17548 болып тіркелді. § 8 Көтергіш машинисі		
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: ТжКБ (жұмысшы кәсіптер)	Мамандық: Мұнай және газ кен орындарын пайдалану	Біліктілік: -
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:			
Формалды емес және информалы біліммен байланыс:			
Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:			
Қызметтің негізгі мақсаты:	Көтергіштің сенімді және тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету		
Еңбек функциялардың сипаттамасы			
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Көтергішке қызмет көрсету	

	Қосымша еңбек функциялары:	
Еңбек функциясы 1: Көтергішке қызмет көрсету	Дағды 1: Көтергішті жұмысқа дайындау және ұңғымаларды күрделі, ағымдағы жөндеу және сынамау (сынау) бойынша технологиялық процесті жүргізу	<p>Машықтар:</p> <p>5-ші разряд (СБШ 3). Күрделілігі I санатты және қоса алғандағы тереңдігі 1500 метрге дейінгі ұңғымаларда жұмыс істеу кезінде</p> <p>6-шы разряд (СБШ 3). күрделілігі II санатты және қоса алғандағы тереңдігі 1500 метрден жоғары ұңғымаларда жұмыс істеу кезінде</p> <p>7-ші разряд (СБШ 3). қоса алғандағы тереңдігі 4000 метрден 6000 метрге дейінгі ұңғымаларда, сондай-ақ тереңдігі 1500 метрден жоғары көлдеу бағытталған ұңғымаларда жұмыс істеу кезінде</p> <p>8-ші разряд (СБШ 3). тереңдігі 6000 метрден жоғары ұңғымаларда жұмыс істеу кезінде</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Жұмыс қабілеттілігін анықтау үшін көтергішті сырттай қарауды жүзеге асыру</li> <li>2. Көтергішті монтаждау және демонтаждау, таль жүйесін жарақтандыру</li> <li>3. Ұңғымаларды күрделі жөндеу кезінде қолданылатын қосалқы құралдарды (насос блогын, машина және гидравликалық кілттерді, қондырғы гидрожүйесінің превенторы мен өзге де жабдығының гидро сымдарын) монтаждау және қызмет көрсету</li> <li>4. Барлық көтеру-түсіру операциялары кезінде шығырды басқару</li> <li>5. Көтергіште (агрегатта) орнатылған күштік электр генераторды басқару</li> <li>6. Ұңғымаларды күрделі және жерасты жөндеу жұмыстарына, ұңғыма сағасын сынау және жабдықтау жұмыстарын жүргізу</li> <li>7. Көтергіш (агрегат) тіркеушісі мен механизмдерінің ақаусыз жұмыс істеуін қадағалау</li> <li>8. Көтергіш (агрегат) жұмысының журналын жүргізу</li> <li>9. Автомобильді немесе тракторды басқару, оларға май құю</li> <li>10. Көтергішті (агрегатты), автомобильді немесе тракторды ағымдағы жөндеу</li> <li>11. Қуаты 100 киловатқа дейінгі жылжымалы электр станцияларына қызмет көрсету</li> </ol>
		Білімдер:
		<p>5-8-ші разрядтар (СБШ 3)</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Мұнай мен газ, өзге де пайдалы қазбаларды өндірудің технологиялық процесі</li> <li>2. Ұңғымалардың конструкциясы, ұңғыманы сынау жөніндегі жұмыстың түрлері мен технологиялық процесі</li> <li>3. Көтергіш трактордың, жылжымалы агрегаттың, қолданылатын механизмдердің, құрылғылардың, таль жүйелерінің техникалық сипаттамасы мен пайдалану қағидалары</li> <li>4. Күрделі, ағымдағы жөндеулердің технологиялық процесі мен түрлері, әдістері, жанар-жағармай материалдарының сұрыптары мен түрлері</li> <li>5. Электр техникасы мен слесарь ісі негіздері, қозғағышты, көтеру шығырларының трансмиссиялары мен қозғалыс бөліктерін жөндеу тәсілдері</li> </ol>
		Дағдыны тану мүмкіндігі:
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	Зейінділік Жауапкершілік Бақылаушылық Сақтық Төзімділік	

Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:			
СБШ -нің ішіндегі басқа кәсіптермен байланыс:	СБШ-нің деңгейі:	Кәсіптің атауы:	
	5	Ұңғымаларды жөндеу шебері (күрделі, жерасты)	
	6	Ұңғымаларға қызмет көрсету жөніндегі инженер	
	6	Ұңғымаларды бұрғылаудағы (күрделі жөндеудегі) күрделі жұмыстар жөніндегі инженер	
	7	Бас инженер	
10. Кәсіптің карточкасы «Ұңғымаларды күрделі жөндеу бұрғышысының көмекшісі»:			
Топтың коды:	8112-7		
Қызмет атауының коды:	8112-7-004		
Кәсіптің атауы:	Ұңғымаларды күрделі жөндеу бұрғышысының көмекшісі		
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	3		
СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:			
БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:	6-шығарылым. "Жұмыстар мен жұмысшы кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығын (6-шығарылым) бекіту туралы" 2018 жылғы 21 қыркүйектегі № 401 Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 15 қазанда № 17548 болып тіркелді. § 42 Ұңғымаларды күрделі жөндеу бұрғылаушысының көмекшісі		
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: ТжКБ (жұмысшы кәсіптер)	Мамандық: Мұнай және газ ұңғымаларын бұрғылау және бұрғылау жұмыстарының технологиясы	Біліктілік: -
	Білім деңгейі: ТжКБ (орта деңгейдегі маман)	Мамандық: Мұнай және газ ұңғымаларын бұрғылау және бұрғылау жұмыстарының технологиясы	Біліктілік: -
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:			
Формалды емес және информталы біліммен байланыс:			
Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:			
Қызметтің негізгі мақсаты:	Ұңғымаларды күрделі жөндеудің технологиялық процесін жүргізу		
Еңбек функциялардың сипаттамасы			
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Ұңғымаларды күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу бойынша жұмыстарды жүзеге асыру	
	Қосымша еңбек функциялары:		
Еңбек функциясы 1: Ұңғымаларды күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу бойынша жұмыстарды жүзеге асыру			

<p>Дағды 1:          Ұңғымаларды күрделі жөндеу бойынша дайындық жұмыстарын орындау</p>	<p>Машықтар:</p> <p>Сорғы-компрессор трубалары мен бұрғылау трубаларын салуға арналған қабылдау көпірлерінде жұмыс істеу кезінде:          3- ші разряд (СБШ 3) күрделілігі I санаттағы ұңғымаларды жөндеу кезінде          4- ші разряд (СБШ 3) күрделілігі II санаттағы ұңғымаларды жөндеу кезінде          5- ші разряд (СБШ 3) тереңдігі 4000 м астам ұңғымалардағы жөндеу кезінде.</p> <p>Сорғы-компрессор трубалары мен бұрғылау трубаларын беруге арналған жұмыс алаңында жұмыс істеу кезінде:          4- ші разряд (СБШ 3) күрделілігі I санаттағы ұңғымаларды жөндеу кезінде          5- ші разряд (СБШ 3) күрделілігі II санаттағы ұңғымалардағы жөндеу кезінде          6- шы разряд (СБШ 3) тереңдігі 4000 м астам ұңғымалардағы жөндеу кезінде</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Сорғы-компрессор трубаларын және бұрғылау трубаларын салуға арналған қабылдау көпірлерінде жұмыс істеу кезінде көтергіш қондырғыларды монтаждау мен бұзуға қатысу</li> <li>2. Циркуляциялық жүйені бақылау және оны шламнан тазарту</li> <li>3. Жабдық пен құралдарды майлауды тексеру мен жүргізуге қатысу</li> <li>4. Трубалар мен сорғы-штангілердің ұзындығын өлшеу және санын есептеу</li> <li>5. Тікелей ұңғымада жабдық пен құралдарды ағымдағы жөндеу</li> <li>6. Ұңғымада штепселдік ажырату кезінде электр жабдығы мен жарықтандыру аппаратурасын қосу және ажырату</li> </ol>
	<p>Білімдер:</p> <p>3-6-шы разрядтар (СБШ 3).</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Ұңғымаларды күрделі жөндеу технологиясы</li> <li>2. Ұңғымаларды күрделі жөндеу кезінде қолданылатын жабдықтардың, механизмдер мен бақылау-өлшеу аспаптарының мақсаты және пайдалану ережесі</li> <li>3. Жабдықты байлау схемасы</li> <li>4. Қолданылатын бақылау-өлшеу аспаптарының жұмыс принципі</li> <li>5. Көтергіш құрылғылар мен механизмдердің құрылысы</li> <li>6. Құбырлар мен штангаларды түсіру және көтеру және аспапты ұзарту кезіндегі операциялардың кезектілігі</li> <li>7. Қолданылатын құралдар және оларды пайдалану ережелері</li> </ol>
<p>Дағдыны тану мүмкіндігі:</p>	<p>-</p>

Дағды 2: Жоғарыға өрмелеу жұмыстарын жүргізу	Машықтар:	
	<p>3-6-шы разрядтар (СБШ 3).</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Сорғы-компрессорлық және бұрғылау құбырларын орнату бойынша жоғарыдағы жұмыстарды орындау</li> <li>2. Түсіру-көтеру операциялары кезінде көпірлерден және көпірлерге құбырлар мен сорғы штангаларын салу және беру</li> <li>3. Көпірлердегі құбырлар мен сорғы штангаларын сұрыптау</li> <li>4. Трубалар мен насостық штангілердің төменгі бұрандамалы ұшынан сақтандыру қалпақшасын бұрап ашу және бұрап жабу</li> <li>5. Трубалар мен насостық штангілердің бұрандамалы бөлігіне қорғаныс жақпа май жағу</li> <li>6. Сорғы-трубалары мен бұрғылау трубаларын беруге арналған жұмыс алаңында жұмыс істеу кезінде жоғары және төменгі қысым желілерін монтаждауға, бұзуға және байламдау мен баспақтауға қатысу</li> <li>7. Жуу сорғыларының жұмыс параметрлерін реттеу, машина кілттерін ілу және автоматты кілттерді орнату</li> <li>8. Құбырларды саусақтарға орнату немесе оларды бұрғылау және сорғы-компрессор трубаларын түсіру және көтеру кезінде көпіршеге салу жұмыстарын орындау</li> <li>9. Таль жүйесінің жарамдылығын қамтамасыз ету</li> <li>10. Кілттерді, элеваторларды, трубалар мен штангаларды бұрау және бұрап алу автоматтарын түсіру-көтеру операцияларына дайындау</li> <li>11. Марш баспалдақтары мен полаттердің жарамдылығын қадағалау</li> </ol>	
	Білімдер:	
	<p>3-6-шы разрядтар (СБШ 3).</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Марш баспалдақтарының, полаттардың, шам орнатуға арналған кронблок астындағы алаңдар мен саусақтардың құрылысы</li> <li>2. Жұмыс орындарын ұйымдастырудың үлгілік жобалары және еңбектің озық және қауіпсіз тәсілдерінің карталары</li> <li>3. Жуу сорғыларын іске қосу тәртібі, олардың құрылымы және жөндеу технологиясы</li> <li>4. Қолданылатын тампондау қоспалары, тұншығу сұйықтықтары, көп компонентті ерітінділер, суды оқшаулайтын құрамдар, химиялық реагенттер, сазды ерітінділер және оларды дайындау тәсілдері туралы мәліметтер</li> <li>5. Қышқылдармен және сілтілермен жұмыс істеу қағидалары, ұңғымаларды игеру әдістері, ұңғымаларды аспаптармен ("Надым", "Дикт" және өзге де) зерттеу әдістері</li> <li>6. Элеваторлардың, көтергіш ілмектердің, таль блоктарының, кронблоктардың, вертлюгтар мен арқандардың түрлері мен өлшемдері</li> <li>7. Шығарындыға қарсы жабдықты басқару ережесі</li> </ol>	
Дағдыны тану мүмкіндігі:	-	
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	Зейінділік Жауапкершілік Тәртіптілік Төзімділік Тұрақтылық	
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:		
СБШ -нің ішіндегі басқа кәсіптермен байланыс:	СБШ-нің деңгейі:	Кәсіптің атауы:
	4	Ұңғымаларды күрделі жөндеу бұрғылаушысы

	5	Ұңғымаларды жөндеу шебері (күрделі, жерасты)	
	6	Ұңғымаларға қызмет көрсету жөніндегі инженер	
	6	Ұңғымаларды бұрғылаудағы (күрделі жөндеудегі) күрделі жұмыстар жөніндегі инженер	
	7	Бас инженер	
11. Кәсіптің карточкасы «Теңіздегі қалқығыш бұрғылау агрегатының бұрғылаушысы»:			
Топтың коды:	8111-1		
Қызмет атауының коды:	8111-1-001		
Кәсіптің атауы:	Теңіздегі қалқығыш бұрғылау агрегатының бұрғылаушысы		
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	3		
СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:			
БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:	6-шығарылым. "Жұмыстар мен жұмысшы кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығын (6-шығарылым) бекіту туралы" 2018 жылғы 21 қыркүйектегі № 401 Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 15 қазанда № 17548 болып тіркелді. § 29 Теңіздегі жүзбелі бұрғылау агрегатының бұрғылаушысы		
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: ТЖКБ (жұмысшы кәсіптер)	Мамандық: -	Біліктілік: -
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:			
Формалды емес және информалы біліммен байланыс:			
Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:			
Қызметтің негізгі мақсаты:	Теңізде бұрғылау платформасын жайластыру		
Еңбек функциялардың сипаттамасы			
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Теңізде бұрғылау процесін технологиялық бақылау және басқару	
	Қосымша еңбек функциялары:		
Еңбек функциясы 1: Теңізде бұрғылау процесін технологиялық бақылау және басқару	Дағды 1: Теңізде ұңғымаларды бұрғылау процесін сүйемелдеу	Машықтар:	
		5-ші разряд (СБШ 3). 1. Теңіздегі бұрғылау қондырғыларының негіздеме діңгегінің астындағы шурфтарды бұрғылау 2. Бұрғылау құралын, құю трубалары мен арматураны түсіру және көтеру 3. Шурфтар мен діңгектерге цемент ерітіндісін құю 4. Бұрғылау құралын тексеру және долоттардың тозу дәрежесін анықтау 5. Долот жұмысы бойынша өтпелі жыныстардың қасиеттерін анықтау 6. Теңіз түбінің топырақ сипатына қарай бұрғылаудың оңтайлы режимін іріктеу 7. Ұстап қалу жұмыстарын жүргізу 8. Цемент ерітіндісін дайындау 9. Бұрғылау құралы мен бұрғылау агрегатын ұсақ жөндеу 10. Бұрғылау вахтасының жұмысына басшылық ету және орындалған жұмыстың есебін жүргізу	

		Білімдер:	
		<p>5-ші разряд (СБШ 3).</p> <p>1. Теңізде тік шурфтарды роторлық тәсілмен бұрғылаудың технологиялық процесі мен қағидалары</p> <p>2. Фунт жынысының геологиялық сипаттамасына қарай бұрғылаудың оңтайлы режимін іріктеу әдісі</p> <p>3. Берілген бағдар мен параметрлер бойынша бұрғылау нүктесін анықтау қағидаларын, арматура дайындау үшін қолданылатын трубалардың сортаменті</p> <p>4. Жылжымалы жүзбелі бұрғылау агрегатының, теңіз бұрғылау қондырғысына арналған ірі блокты негіздеменің конструкциясы, техникалық сипаттамасы</p> <p>5. Қолданылатын болат тростардың, канаттардың типтері мен оларды пайдалану қағидалары, қолданылатын жабдықты, құралды, құрылғыларды қауіпсіз ілмектеу әдістері</p> <p>6. Ілмектеу жұмыстарының ережелері</p> <p>7. Өндірісті жедел есепке алуды ұйымдастыру</p> <p>8. Экономика, өндірісті ұйымдастыру, еңбек және басқару негіздері</p> <p>9. Еңбек заңнамасының негіздері</p>	
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	-	
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	Зейінділік Жауапкершілік Төзімділік Командада жұмыс жасай білу Стресс тұрақтылығы		
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:			
СБШ -нің ішіндегі басқа кәсіптермен байланыс:	СБШ-нің деңгейі:	Кәсіптің атауы:	
	5	Ұңғымаларды жөндеу шебері (күрделі, жерасты)	
	6	Ұңғымаларға қызмет көрсету жөніндегі инженер	
	6	Ұңғымаларды бұрғылаудағы (күрделі жөндеудегі) күрделі жұмыстар жөніндегі инженер	
	7	Бас инженер	
12. Кәсіптің карточкасы «Теңіздегі қалқығыш бұрғылау агрегаты бұрғышысының көмекшісі»:			
Топтың коды:	8111-1		
Қызмет атауының коды:	8111-1-015		
Кәсіптің атауы:	Теңіздегі қалқығыш бұрғылау агрегаты бұрғышысының көмекшісі		
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	3		
СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:			
БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:	6-шығарылым. "Жұмыстар мен жұмысшы кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығын (6-шығарылым) бекіту туралы" 2018 жылғы 21 қыркүйектегі № 401 Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 15 қазанда № 17548 болып тіркелді. § 28 Теңіздегі жүзбелі бұрғылау агрегаты бұрғылаушысының көмекшісі		
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: ТЖКБ (жұмысшы кәсіптер)	Мамандық: -	Біліктілік: -
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:			
Формалды емес және информталы біліммен байланыс:			
Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:			

Қызметтің негізгі мақсаты:	Теңізде ұңғымаларды бұрғылауға көмек көрсету	
Еңбек функциялардың сипаттамасы		
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Теңіздегі жүзбелі бұрғылау агрегатымен бұрғылау процесін орнату және қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар кешенін жүргізу
	Қосымша еңбек функциялары:	
Еңбек функциясы 1: Теңіздегі жүзбелі бұрғылау агрегатымен бұрғылау процесін орнату және қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар кешенін жүргізу	Дағды 1: Жүзбелі бұрғылау агрегатында өндірістік операцияларды жүргізу	Машықтар:
		3-ші разряд (СБШ 3) 1. Теңізде жүзбелі бұрғылау агрегатын нүктеге орнату 2. Агрегатты жұмысқа дайындау, бұрғылау құралын түсіру және көтеру 3. Құралды, шығырды, насосты тексеру және дайындау 4. Жекелеген тораптарды майлау және бекіту
		4-ші разряд (СБШ 3) 3-ші разрядтың икемділіктеріне қоса: 1. Теңізде бұрғылау процесін біліктілігі анағұрлым жоғары теңіздегі жүзбелі бұрғылау агрегаты бұрғылаушысының көмекшісінің басшылығымен жүргізу 2. Барлық типтегі тіреулерді, полотноларды, секцияларды орнату және оларды бекіту 3. Сорғы агрегатының жұмысын қадағалау және оны басқару 4. Цемент ерітіндісін дайындау 5. Шурфтар мен қадаларды толтыру 6. Қолданылатын құралдың жарамдылығын қадағалау 7. Техникалық құжаттамаларды ресімдеу
	Білімдер:	
		3-ші разряд (СБШ 3) 1. Теңізде тік шурфты бұрғылау технологиялық процесі және операциялардың кезектілігі 2. Құрал мен арматураны түсіру және көтеруге қойылатын талаптар 3. Шурфтар мен қадаларды цемент қоспасымен толтыруға қойылатын талаптар 4. Қолданылатын құралдың құрылысы, қарапайым теңіз тораптарын шешу тәсілдері
		4-ші разряд (СБШ 3) 3-ші разрядтың білімдеріне қоса: 1. Теңізде бұрғылаудың технологиялық процесі, авариялардың себептері және олардың алдын алу мен жою әдістері 2. Бұрғылау жабдығы мен құралының құрылысы мен жұмыс қағидаты; 3. Теңіз бұрғылары негіздемелері блоктарының, секциялары мен полотноларының типтері мен мөлшерлері 4. Таль жүйесінің, кронблоктардың, вертлюгтер мен канаттардың конструкциясы мен нысаны 5. Қолданылатын болат және трос, канаттардың түрлері, жүзбелі бұрғылау агрегатында орнатылған бақылау-өлшеу аспаптарының нысаны мен пайдалану қағидалары
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	-
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	Зейінділік Жауапкершілік Жоғары жұмыс қабілеттілігі Командада жұмыс істей білу Бақылаушылық	

Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:			
СБШ -нің ішіндегі басқа кәсіптермен байланыс:	СБШ-нің деңгейі:	Кәсіптің атауы:	
	3	Теңіздегі жүзбелі бұрғылау агрегаты бұрғылаушысы	
	5	Ұңғымаларды жөндеу шебері (күрделі, жерасты)	
	6	Ұңғымаларға қызмет көрсету жөніндегі инженер	
	6	Ұңғымаларды бұрғылаудағы (күрделі жөндеудегі) күрделі жұмыстар жөніндегі инженер	
	7	Бас инженер	
13. Кәсіптің карточкасы «Жер қабатын гидравликалық үзу операторы»:			
Топтың коды:	8112-5		
Қызмет атауының коды:	8112-5-001		
Кәсіптің атауы:	Жер қабатын гидравликалық үзу операторы		
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	3		
СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:			
БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:	6-шығарылым. "Жұмыстар мен жұмысшы кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығын (6-шығарылым) бекіту туралы" 2018 жылғы 21 қыркүйектегі № 401 Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 15 қазанда № 17548 болып тіркелді. § 12 Қабаттарды гидравликалық үзу жөніндегі оператор		
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: ТЖКБ (жұмысшы кәсіптер)	Мамандық: -	Біліктілік: -
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:			
Формалды емес және информталы біліммен байланыс:			
Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:			
Қызметтің негізгі мақсаты:	Қабаттарды гидравликалық үзу бойынша процесті жүргізу, іс-шараларды бақылау		
Еңбек функциялардың сипаттамасы			
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Қабаттарды гидравликалық үзу есебінен ұңғымаларға сұйықтық пен газ ағынын қарқындату	
	Қосымша еңбек функциялары:		
Еңбек функциясы 1: Қабаттарды гидравликалық үзу есебінен ұңғымаларға сұйықтық пен газ ағынын қарқындату			

	<p>Дағды 1: Қабатты гидравликалық үзу және гидроқұм ағынды перфорациялау процесін жүргізу</p>	<p>Машықтар:</p> <p>5-ші разряд (СБШ 3) 1. 70 мегапаскальға дейінгі (шаршы сантиметрге 700 килограмм-күшке дейін) қысым кезінде жабдықты гидравликалық үзуді жүргізуге дайындау 2. Жоғары қысым желілерін құрастыру және бөлшектеу 3. Айдалатын сұйық көлемін өлшеуді жүргізу 4. Сұйық пен құмның агрегат насосына берілуін реттеу 5. Аспаптарды ұңғыма сағасына орнату, оларды сағалық арматурамен қосу, қабатты гидро үзу кезінде аспаптардың жұмысын қадағалау, аспаптар мен жабдықтарға қызмет көрсету және оларды алдын ала жөндеу 6. Жабдықты гидроқұм ағынды перфорациялауға дайындау</p> <p>6-шы разряд (СБШ 3) 5-ші разрядтың икемділіктеріне қоса: 1. 70 мегапаскальдан жоғары (шаршы сантиметрге 700 килограмм-күштен жоғары) қысым кезінде гидравликалық үзу және гидроқұм ағынды перфорациялау процесін жүргізу 2. Картограмманы орнату және тіркеуші электронды шығыстарды өлшеуіш пен манометрдің көрсеткіштерін қадағалау 3. Ұңғыма сағасының байламына қызмет көрсету және оны жөндеу</p>
		<p>Білімдер:</p> <p>5-ші разряд (СБШ 3) 1. Ұңғыманың, жоғары қысыммен жұмыс істейтін сағалық жабдықтың,  қолданылатын механизмдердің, құрал мен бақылау-өлшеу аспаптарының құрылымы, пайдалану қағидалары 2. Ұңғымалардың конструкциясы, қабатты гидроүзудің технологиялық процесі 3. Қабаттың физикалық қасиеттері, мұнай мен газдың ұңғыма забойларына қарай жылжуы туралы негізгі мәліметтер 4. Мұнай және газ кен орындары режимі, қабатқа әсер ету әдістері, ұңғыма сағасының байламы, гидро үзу сұйықтарын дайындау</p> <p>6-шы разряд (СБШ 3) 5-ші разрядтың білімдеріне қоса: 1. Гидравликалық үзу және гидроқұм ағынды перфорациялаудың әртүрлі технологиялық схемалары кезінде жабдықтың және ұңғыма сағасы байламының схемасы 2. Айдалатын сұйықтар мен құм жеткізгіштердің құрамы және дайындау тәсілдері 3. Сұйық пен құмның қажетті көлемін есептеуді, гидравликалық үзу кезінде қолданылатын жабдық пен бақылау- өлшеу аспаптарының техникалық сипаттамасы</p>
	<p>Дағдыны тану мүмкіндігі:</p>	<p>-</p>
<p>Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:</p>	<p>Зейінділік Жауапкершілік Ақырындық Бақылаушылық Сақтық</p>	

Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:			
СБШ -нің ішіндегі басқа кәсіптермен байланыс:	СБШ-нің деңгейі:	Кәсіптің атауы:	
	5	Ұңғымаларды жөндеу шебері (күрделі, жерасты)	
	6	Ұңғымаларға қызмет көрсету жөніндегі инженер	
	6	Ұңғымаларды бұрғылаудағы (күрделі жөндеудегі) күрделі жұмыстар жөніндегі инженер	
	7	Бас инженер	
14. Кәсіптің карточкасы «Ұңғымаларды химиялық өңдеу операторы»:			
Топтың коды:	8112-9		
Қызмет атауының коды:	8112-9-007		
Кәсіптің атауы:	Ұңғымаларды химиялық өңдеу операторы		
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	3		
СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:			
БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:	6-шығарылым. "Жұмыстар мен жұмысшы кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығын (6-шығарылым) бекіту туралы" 2018 жылғы 21 қыркүйектегі № 401 Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 15 қазанда № 17548 болып тіркелді. § 44 Ұңғымаларды химиялық өңдеу жөніндегі оператор		
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі:	Мамандық:	Біліктілік:
	ТжКБ (жұмысшы кәсіптер)	-	-
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:			
Формалды емес және информалы біліммен байланыс:			
Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:			
Қызметтің негізгі мақсаты:	Ұңғымаларды химиялық өңдеу есебінен ұңғыманың кенжарына өндірілетін флюидтің ағынын қамтамасыз ету		
Еңбек функциялардың сипаттамасы			
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Ұңғымаларды химиялық өңдеу есебінен ұңғымаларға сұйық және газ ағынын қарқындату	
	Қосымша еңбек функциялары:		
Еңбек функциясы 1: Ұңғымаларды химиялық өңдеу есебінен ұңғымаларға сұйық және газ ағынын қарқындату			

Дағды 1:  
Ұңғымаларды химиялық  
өңдеудің технологиялық  
процесін жүргізу

Машықтар:

2-ші разряд (СБШ 3). Біліктілігі анағұрлым жоғары  
ұңғымаларды химиялық өңдеу жөніндегі оператордың  
басшылығымен жұмыс істеу кезінде

3-ші разряд (СБШ 3).

1. Химиялық реагенттер мен жабдықты дайындау
2. Ұңғыма жанына жабдық орнату кезінде жоғары және төмен қысым желілерін, икемді шлангілерді құрастыру және бөлшектеу
3. Айдалатын сұйықтың көлемін өлшеу
4. Тұзды қышқыл концентрациясын анықтау және химиялық реагенттерді дозалау
5. Ұңғыманы термоөңдеу жұмыстарына жүргізу
6. Қолданылатын жабдықты ұсақ жөндеу

4-ші разряд (СБШ 3)

3-ші разрядтың икемділіктеріне қоса:

1. Картограмманы орнату және тіркеуші бақылау-өлшеу аспаптарының көрсеткіштерін қадағалау
2. Химиялық реагенттерді дозалау жұмыстарына басшылық ету
3. 100 атмосфераға дейінгі қысым кезінде желіні монтаждау және демонтаждау, химиялық реагенттерді айдау

4. Забой жанындағы қабатты блоктан шығару және игеру
5. Термоөңдеу процесін қадағалау
6. Параметрлерді тіркеу

5-ші разряд 5 (ОРК 3)

3 және 4-ші разрядтардың икемділіктеріне қоса:

1. Ұңғымаларды химиялық өңдеу жөніндегі технологиялық процесті жүргізу және жұмысты үйлестіру
2. Айдалатын сұйықтың параметрлерін есептеу
3. Желілердің герметикалығын престомерлеу, ұңғымалардың қабылдауыштығын анықтау
4. 100 атмосфераға дейінгі қысым кезінде химиялық реагенттерді айдау
5. Сұйықтың агрегат насосына берілуін реттеу
6. Аспаптарды ұңғыма сағасына орнату, оларды сағалық арматурамен қосу
7. Ұңғымаларды динамометрлеу
8. Автоматика және телемеханика құралдарын жөндеу, бастапқы элементтерді баптау
9. Вахталық құжаттаманы жүргізу

		<p>Білімдер:</p> <p>2 және 3-ші разрядтар (СБШ 3)</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Мұнай мен газ өндіру технологиясы бойынша негізгі мәліметтер;</li> <li>2. Мұнай мен газ кен орындары, мұнай өндіруді интенсивтендіру әдістері</li> <li>3. Ұңғымаларды химиялық және термиялық өңдеу нысаны</li> <li>4. Қолданылатын жабдықтың құрылысы мен жұмыс қағидаты</li> <li>5. Химиялық реагенттерді дайындау тәсілдері және оларды сақтау қағидалары, химиялық реагенттерді тиеу және түсіру қағидалары</li> </ol> <p>4-ші разряд (СБШ 3)</p> <p>3-ші разрядтың білімдеріне қоса:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Ұңғымаларды химиялық және термиялық өңдеу технологиясын</li> <li>2. Қызмет көрсетілетін жабдықтың, қышқыл концентрациясын анықтау, ұңғымаларды химиялық және термиялық өңдеу аспаптарының, қолданылатын бақылау-өлшеу аспаптарының нысаны және жұмыс принципі, техникалық сипаттамасы</li> </ol> <p>5-ші разряд (СБШ 3)</p> <p>4-ші разрядтың білімдеріне қоса:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Мұнай мен газ өндіру технологиясы</li> <li>2. Ұңғымаларды химиялық өңдеу технологиясы</li> <li>3. Қызмет көрсетілетін жабдықтың, химиялық реагенттердің концентрациясын анықтау, ұңғымаларды химиялық өңдеу аспаптарының, бақылау-өлшеу аспаптарының техникалық сипаттамасы, конструкциясы мен пайдалану қағидалары</li> <li>4. Ерітінділерді дайындаудың рецептурасы мен технологиясы</li> <li>5. Химиялық реагенттерді дайындау, тасымалдау және сақтау тәсілдері, қызмет көрсетілетін аппаратураның, автоматиканың, диспетчерлеу схемасы, төмен вольтты және электротехникалық қондырғыларда жұмыс істеу қағидалары</li> </ol>
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	-
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	Зейінділік Жауапкершілік Төзімділік Жоғары жұмыс қабілеттілігі Ерекше сақтық	
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:		
СБШ -нің ішіндегі басқа кәсіптермен байланыс:	СБШ-нің деңгейі:	Кәсіптің атауы:
	5	Ұңғымаларды жөндеу шебері (күрделі, жерасты)
	6	Ұңғымаларға қызмет көрсету жөніндегі инженер
	6	Ұңғымаларды бұрғылаудағы (күрделі жөндеудегі) күрделі жұмыстар жөніндегі инженер
	7	Бас инженер
15. Кәсіптің карточкасы «Ұңғымаларды күрделі және жер асты жөндеулерге дайындаушы оператор»:		
Топтың коды:	8112-7	
Қызмет атауының коды:	8112-7-003	
Кәсіптің атауы:	Ұңғымаларды күрделі және жер асты жөндеулерге дайындаушы оператор	
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	3	
СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:		

БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:	6-шығарылым. "Жұмыстар мен жұмысшы кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығын (6-шығарылым) бекіту туралы" 2018 жылғы 21 қыркүйектегі № 401 Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 15 қазанда № 17548 болып тіркелді. § 40 Ұңғымаларды күрделі және жерастында жөндеуге дайындау жөніндегі оператор		
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: ТЖКБ (жұмысшы кәсіптер)	Мамандық: -	Біліктілік: -
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:			
Формалды емес және информформалы біліммен байланыс:			
Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:			
Қызметтің негізгі мақсаты:	Ұңғымаларды жерастында жөндеу жұмыстарына дайындық		
Еңбек функциялардың сипаттамасы			
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Ұңғымаларды жөндеуге дайындау жұмыстарын жүргізу	
	Қосымша еңбек функциялары:		
Еңбек функциясы 1: Ұңғымаларды жөндеуге дайындау жұмыстарын жүргізу	Дағды 1: Ұңғымаларды жөндеуге дайындау бойынша алдынала жұмыстар	Машықтар:	
		2 және 3 разрядтар (СБШ 3) 1. Таль жүйесін жарақтау және жарақсыздандыру жұмыстарын орындау, таль блогын, ілмені ілу және босату 2. Тарта таспаларды, қронблок таспаларын, тартқыларды ауыстыру 3. Трубаларды ластан және парафиннен тазарту және жуу, забой жаны аумағын өңдеу процесіне дайындау жұмыстарын орындау 4. Еденді, көпіршелер мен марш баспалдақтарын жөндеу 5. Трубалар мен штангаларды сұрыптау, муфталарды, сақиналар мен ниппельдерді бұрау және бұрап алу 6. Трубалар мен штангаларды төсеу 7. Қажетті реагенттерді, ерітінділерді, сұйықтарды жасауға қатысу 8. Ұңғымаларды жөндеуге дайындау жөніндегі такелаж, ағаш ұстасы, слесарлық және топырақ жұмыстарын орындау 9. Жылжымалы көтеру құрылғылары (мұнараларды, мачталарды) мен агрегаттардың орнын ауыстыру, орнату, ұңғымаларды тексеру және орталандыру, ұңғымаларды жер астында және күрделі жөндеу алдында тұншықтыру	
		Білімдер:	
		2 және 3-ші разрядтар (СБШ 3) 1. Ұңғымаларды жер астында және күрделі жөндеу кезінде қолданылатын жабдықтың, агрегаттардың, материалдардың, құралдар мен реагенттердің нысаны мен түрлері 2. Таль жүйесінің жарақтары түрлері, көтеру құрылғылары (мұнараларды, мачталарды) және оларды бекіту қағидалары 3. Такелаж, ағаш ұстасы және слесарлық жұмыстардың негізгі түрлері 4. Тиеу-түсіру жұмыстары кезінде қолданылатын негізгі құрылғыларды, ұңғымаларды жер астында және күрделі жөндеу түрлері	
Дағдыны тану мүмкіндігі:		-	

	Дағды 2: Ұңғымаларды жөндеуге дайындау бойынша негізгі жұмыстарды жүргізу	Машықтар:	
		<p>4-ші разряд (СБШ 3) 2 және 3-ші разрядтардың ікемділіктеріне қоса: 1. Жылжымалы құрылғылар (мұнаралар, мачталар) мен агрегаттарды орнату, тексеру және орталандыру 2. Штангаларды ілуге арналған жабдықты және балансир ұшын бұруға арналған құрылғыларды тексеру және монтаждау, ақауларын жою 3. Ұңғымаларды өшіруге арналған түрлі ерітінділерді жасау 4. Ұңғымаларды жер астында және күрделі жөндеу алдында өшіру және разрядтау процесін, жөндеуден кейінгі қорытынды жұмыстарды жүргізу</p> <p>5-ші разряд (СБШ 3) 2-4-ші разрядтардың ікемділіктеріне қоса: 1. Жылжымалы құрылғылар (мұнаралар, мачталар) мен агрегаттардың орнын ауыстыру, олардың ұңғымаға орнатылуы мен орталандырылуын бақылау 2. Ұңғымаларды жер астында және күрделі жөндеу алдында өшіру және разрядтау, жөндеуден кейін жуу 3. Күштік және жел тартылымдарының орналасуын анықтау және орнату 4. Жабдықты, жылжымалы құрылғылар мен агрегаттарды ұңғыманы жөндеудің берілген технологиялық процесіне орай орнату және монтаждау</p>	
		Білімдер:	
		<p>4-ші разряд (СБШ 3) 2-3-ші разрядтардың білімдеріне қоса: 1. Ұңғымаларды жер астында және күрделі жөндеу технологиясын 2. Жер астында және күрделі жөндеу кезінде қолданылатын жабдықтың, агрегаттардың нысаны, түрлері мен техникалық сипаттамасы 3. Ұңғыма сағасындағы көтеру құрылғыларын орнату және орталандыру</p> <p>5-ші разряд (СБШ 3) 2-4-ші разрядтардың білімдеріне қоса: 1. Көтеру құрылғыларының орнын ауыстыру қағидалары 2. Мұнаның қосындылары мен бөліктеріндегі ауытқуларды жою тәсілдері 3. Ұңғымаларды түрлі ерітінділермен тұншықтыру тәсілдері 4. Көтеру құрылғыларын (мұнараларды, мачталарды) орнынан ауыстыру бағытының схемасы 5. Ерітінділерді дайындау тәсілдері мен оларды қолдану әдістері</p>	
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	-	
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	Зейінділік Жауапкершілік Төзімділік Биіктік қорқынышының болмауы Жақсы қозғалыс координациясы		
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:			
СБШ -нің ішіндегі басқа кәсіптермен байланыс:	СБШ-нің деңгейі:	Кәсіптің атауы:	
	5	Ұңғымаларды жөндеу шебері (күрделі, жерасты)	
	6	Ұңғымаларға қызмет көрсету жөніндегі инженер	
	6	Ұңғымаларды бұрғылаудағы (күрделі жөндеудегі) күрделі жұмыстар жөніндегі инженер	
	7	Бас инженер	

16. Кәсіптің карточкасы «Ұңғымаларды жер астында жөндеу операторы»:

Топтың коды:	8112-6		
Қызмет атауының коды:	8112-6-002		
Кәсіптің атауы:	Ұңғымаларды жер астында жөндеу операторы		
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	3		
СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:			
БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:	6-шығарылым. "Жұмыстар мен жұмысшы кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығын (6-шығарылым) бекіту туралы" 2018 жылғы 21 қыркүйектегі № 401 Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 15 қазанда № 17548 болып тіркелді. § 33 Ұңғымаларды жерастында жөндеу операторы		
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: ТжКБ (жұмысшы кәсіптер)	Мамандық: Мұнай және газ кен орындарын пайдалану	Біліктілік: -
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:			
Формалды емес және информалы біліммен байланыс:			
Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:			
Қызметтің негізгі мақсаты:	Мұнай және газ өндіру ұңғымаларында ағымдағы жөндеу көлемінде жерастында жөндеу		
Еңбек функциялардың сипаттамасы			
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Ұңғымаларға жерастында жөндеу жүргізу	
	Қосымша еңбек функциялары:		
Еңбек функциясы 1: Ұңғымаларға жерастында жөндеу жүргізу	Дағды 1: Ұңғыма жабдығын, ұңғыма мен кенжардың қабырғаларын әртүрлі шөгінділерден (парафин, гидратты тығындар, тұздар, коррозия өнімдері) тазарту	Машықтар:	
		<p>4- ші разряд (СБШ 3). Күрделілігі I санаттағы ұңғыманы біліктілігі анағұрлым жоғары ұңғымаларды жер астында жөндеу операторының басшылығымен жер астында жөндеу кезінде 5- ші разряд (СБШ 3). күрделілігі I санаттағы немесе II санаттағы ұңғыманы біліктілігі анағұрлым жоғары ұңғымаларды жер астында жөндеу операторының басшылығымен жер астында жөндеу кезінде 6- шы разряд (СБШ 3). күрделілігі II санаттағы ұңғыманы жер астында жөндеу кезінде 7- ші разряд (СБШ 3). тереңдігі 3000 метрден астам ұңғыманы, тереңдігі 2000 метрден астам жазық ұңғымаларды немесе газлифт әдісімен пайдаланылатын ұңғыманы жер астында жөндеу кезінде</p> <p>1. Тереңдік насосы мен плунжердің төменгі клапанын жуу 2. Газ және құм зәкірлерін бөлшектеу және тазалау 3. Ұңғымаларды құм тығындардан, балшықты ерітіндіден жуу, тазалау, ұңғымаларды ыстық мұнаймен және өзге де химиялық реагенттермен жуу 4. Ұңғыма оқпанындағы гидратты тығындарды жою, пайдалану ұстыны мен насос-компрессор трубаларын парафиннен, тұз бен шайыр шөгінділерінен тазарту 5. Бір қатарлы және екі қатарлы лифтілерді, парафинделген трубаларды, тереңдік насостарын, бөліп пайдалану жабдығын, газлифті клапандарын ауыстыру 6. Забойды уата отырып ұңғымаларды шаблондау</p>	

	<p>Білімдер:</p> <p>4-7-ші разрядтар (СБШ 3)</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Көтеру құрылғыларын (мұнараны, мачтаны), таль жүйесі мен оның элементтерін пайдалану қағидалары, олардың құрылысы мен нысаны</li> <li>2. Насос-компрессор трубалары мен штангаларын, кабель орағышты, салмақ индикаторын механикалық бұрау және бұрап алуға арналған автоматтардың құрылысы мен жұмыс қағидаты</li> <li>3. Көтеру-түсіру операцияларын механикаландыру және автоматтандыру құралдарының нысаны мен құрылысы, гидро- және пневможүйелер туралы негізгі мәліметтер</li> <li>4. Көтерілетін жүгіне қарай таль жүйесін пайдалану тәсілдері және оларды жарақтандыру есебі, канат жұмыстарын орындау кезіндегі шекті жүктеме және жылдамдық</li> <li>5. Түрлі жарақтандыру мен түрліше ұңғыма жабдығы кезінде трубалар мен штангаларды көтеріп түсірудің шекті жылдамдығы</li> <li>6. Құм тығынын жуу процесінің есебі, еңбекті ұйымдастырудың қолданыстағы нұсқаулық карталары</li> </ol>
Дағдыны тану мүмкіндігі:	-
<p>Дағды 2:</p> <p>Ұңғымалық және сағалық жабдықтың жұмысқа қабілеттілігін қалпына келтіру және ұңғыманы пайдалану режимін өзгерту</p>	<p>Машықтар:</p> <p>4-7-ші разрядтар (СБШ 3)</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Ұңғыларды ату жұмыстарына және геофизикалық зерттеулерге дайындау</li> <li>2. Қабылдау клапандары мен кескіштерді орнату және алу</li> <li>3. Циркуляциялық механикалық клапандарды жабу және ашу, ұңғымалардың жерасты жабдықтарын престоуді жүзеге асыру</li> <li>4. Әр түрлі пайдалану тәсілдері кезінде ұңғымалардың сағалық жабдықтарын жинау және бөлшектеу</li> <li>5. Құрал-жабдықтар мен құрал-саймандарға, салмақ индикаторына профилактикалық күтім жасауды жүзеге асыру</li> <li>6. Ұңғыманы пайдаланудың бір тәсілінен екіншісіне ауыстыру</li> <li>7. Тереңдік сорғылардың батырылуын өзгертуді, үзіктерді, штангалардың бұрауларын жоюды, құрал мен сымдарды алу бойынша ұстағыш жұмыстарды жүзеге асыру</li> <li>8. Айдау ұңғымаларының қабылдағыштығын қалпына келтіру және</li> </ol>
	<p>Білімдер:</p> <p>4-7-ші разрядтар (СБШ 3)</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Ұңғымаларды пайдалану тәсілдері, газ, мұнай және айдау ұңғымаларының конструкциялары</li> <li>2. Ұңғымаларды жер астында жөндеу кезінде қолданылатын тереңдік сорғылар, газлифті клапандар, арқанды техника</li> <li>3. Шығарындыға қарсы жабдықтың (шағын габаритті превенторлардың) құрылғысы және орнату ережесі</li> <li>4. Гидравликалық терең шығыр мен тубинг қондырғысының құрылысы, оған қызмет көрсетуді және оны басқару тәсілдері</li> <li>5. Ұңғымаларды жер астында жөндеу кезінде қолданылатын құрал-саймандардың түрлері мен пайдалану ережесі</li> </ol>
Дағдыны тану мүмкіндігі:	-

	Дағды 3: Қосалқы жұмыстарды жүргізу	Машықтар:	
		4-7-ші разрядтар (СБШ 3) 1. Жылжымалы агрегаттарды, құрылыстарды және арқан техникасын орнату және бекіту 2. Дайындық бригадалары жоқ кәсіпшіліктерде көтергіш құрылыстарды орнатуға және ұңғымаларды жөндеуге дайындауға байланысты барлық жұмыстарды орындау, ұңғымаларды өшіру 3. Штепсельді ажыратқыштармен жабдықталған ұңғымаларда электр жабдықтары мен жарықтандыру аппаратурасын қосу және ажырату 4. Арқан техникасын басқару дағдыларын меңгеру	
		Білімдер: 4-7-ші разрядтар (СБШ 3). 1. Станок-качалканы, жарық беру аппаратурасын қосу қағидалары 2. Барлық пайдалану тәсілдері кезінде ұңғымаларды жер астында жөндеу, игеру және сөндіру өндірісінің технологиясы	
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	-	
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	Стресс тұрақтылығы Жауапкершілік Орындаушылық Штаттан тыс жағдайлар кезінде әрекет ете білу Төзімділік		
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:			
СБШ -нің ішіндегі басқа кәсіптермен байланыс:	СБШ-нің деңгейі:	Кәсіптің атауы:	
	5	Ұңғымаларды жөндеу шебері (күрделі, жерасты)	
	6	Ұңғымаларға қызмет көрсету жөніндегі инженер	
	6	Ұңғымаларды бұрғылаудағы (күрделі жөндеудегі) күрделі жұмыстар жөніндегі инженер	
	7	Бас инженер	
17. Кәсіптің карточкасы «Ұңғымаларға қызмет көрсету жөніндегі техник»:			
Топтың коды:	3118-3		
Қызмет атауының коды:	-		
Кәсіптің атауы:	Ұңғымаларға қызмет көрсету жөніндегі техник		
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	4		
СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:			
БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:			
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: ТжКБ (орта деңгейдегі маман)	Мамандық: Машиналар мен жабдықтарды пайдалану және техникалық қызмет көрсету (өнеркәсіп салалары бойынша)	Біліктілік:
	Білім деңгейі: жоғары білім (бакалавриат, маман дәрежесі, ординатура)	Мамандық: Өндірістік және өңдеу салалары	Біліктілік: -
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:			
Формалды емес және информформалы біліммен байланыс:			

Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:		
Қызметтің негізгі мақсаты:	Арқанды және электр каротаж жұмыстарының қауіпсіз және уақтылы іске асырылуын қамтамасыз ету	
Еңбек функциялардың сипаттамасы		
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Кен орнында ұңғымаларға қызмет көрсету бойынша техникалық қолдау көрсету
	Қосымша еңбек функциялары:	
Еңбек функциясы 1: Кен орнында ұңғымаларға қызмет көрсету бойынша техникалық қолдау көрсету	Дағды 1: Ұңғымаларға қызмет көрсету кезінде орындалатын жұмыстарды бақылау	Машықтар:
		<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Бұрғылау алаңдарын салу кезінде оларды инспекциялау.</li> <li>2. Ұңғымаларға қызмет көрсету жұмыстарын бастамас бұрын және олар аяқталғаннан кейін ұңғымаларды тапсыру процесін жүргізу кезінде қолдау көрсету.</li> <li>3. Ұңғымаларға қызмет көрсету жұмыстарын орындау үшін жабдықты жеткізу, орнату, монтаждау, бөлшектеу және әкету кезінде бақылауды жүзеге асыру.</li> <li>4. Жабдықтың орналасқан жерін қадағалауды, оны пайдалануды, инспекциялар мен тексерулерді, жөндеуді, сертификаттауды және талаптарға сәйкестікті қоса алғанда, кен орнында пайдаланылатын жабдыққа түгендеу жүргізу кезінде септесу.</li> </ol>
		Білімдер:
		<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Бұрғылау алаңдарын салу кезіндегі жұмыстардың құрамы мен сапасына нормативтік техникалық құжаттаманың талаптары.</li> <li>2. Жабдықты пайдалану ерекшеліктері.</li> <li>3. Ұңғымаларды жөндеу технологиясы.</li> </ol>
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	-
		Дағды 2: Ұңғымаларға қызмет көрсету бойынша жұмыстарды орындау кезінде қоршаған ортаның қауіпсіздігі мен қорғалуын қамтамасыз ету
		<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Жұмысты бастау алдында алаңдардағы газдың бар болуына өлшеулер жасау.</li> <li>2. Жұмыстарды жүргізу кезінде еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы мен қоршаған ортаны қорғаудың сақталуын бақылау.</li> <li>3. Ұңғымаларды жерасты жөндеу жұмыстарын жүргізу кезінде және одан кейін қалдықтарды басқару процесін бақылау.</li> </ol>
		Білімдер:
